

«Келісілді»



№2 Облыстық

перинаталдық орталығы

ШЖҚ МҚҚ-ның басшысы

Э.А.Кожахметова

2023 ж

**«№2 Облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ МҚҚ-ның
қызметкерлерін қамти отырып өткен сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне
ішкі талдау жүргізу туралы талдамалық анықтаманы жария талқылау
Хаттамасы №3**

Шымкент қаласы

26 шілде 2023 жыл

Төрайымы: Э.А.Кожахметова – басшы

Хатшы: У.Б.Аманкулова – кәсіпорында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы
комплаенс қызмет функцияларын орындайтын маман

Катысқан адамдар саны: 55 адам.

Тындалды: Э.А.Кожахметова, У.Б.Аманкулова

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы
талдамалық анықтаманы тұзу барысында Қазақстан Республикасы Сыйбайлас
жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2022 жылғы 30 желтоқсан
№488 бүйрігімен бекітілген Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау
жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдар басшылыққа алынды.

«№2 Облыстық перинаталдық орталығы» денсаулық сақтау саласында
сыйбайлас жемқорлықтың себептері мен жағдайларын алдын алу басым
бағыттарының бірі болып табылады.

Талдамалық анықтаманы жария талқылауда төмендегілер айтылды.

- Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілгенде қолданылған ақпарат көздері:
- талдау объектісінің қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі күжаттар;
- талдау объектісінің қызметі туралы ведомстволық статистикалық есептілік;
- талдау объектісіне қатысты мемлекеттік органдар бұрын жүргізген тексерулердің нәтижелері;
- ішкі аудит қызметтерінің бақылау іс-шараларының нәтижелері;
- бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар;

- жеке және заңды тұлғалардың талдау объектісіне қатысты өтініштері;
- сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін талдау объектісінің қызметкерлерін анықтау және жауапкершілікке тарту туралы мәліметтер;
- талдау объектісінің қызметшілеріне, қызметкерлеріне саулнама (сұхбат) нәтижелері;

Кәсіпорын басшылығымен қызметкерлердің сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін жоюдың шаралары мыналар болып табылады:

- құқықтық актілерді немесе ішкі құжаттарды әзірлеу және қабылдау кезінде мұқият болу, оларға сыйбайлас жемқорлық факторларын жоюға бағытталған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- лауазымды тұлғалардың өкілеттіліктерін одан әрі нақтылау;
- объектінің қызметіне қоғамдық бақылауды қамтамасыз етуді одан әрі күшейту;
- әкімшілік рәсімдерді оңтайландыру және автоматтандыру;
- рұқсат беру функцияларын іске асыру кезінде талдау объектісінің лауазымды адамдарының жеке және заңды тұлғалармен жеке байланысын болдырмау, штат санын оңтайландыру, артық басқару бөліктерін жою, әкімшілік шығындарды қысқарту мақсатында жұмыстарды одан әрі де жандандыру.

Шешім:

1. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы талдамалық анықтама қанағаттанарлық деп табылсын.
2. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстар одан ары қарай жандандырылсын.

Төрайым:

Э.А.Кожахметова

Хатшы:

У.Б.Аманкулова